

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «№9 қалалық емхана» МКК әкімшілігінің сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
Аналитикалық анықтамасы**

Шымкент қаласы
30.09.2024 жыл

1

Кіріспе бөлім

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің негізі: "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығы негізінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі Агенттігінің Төрағасымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларды, басшылыққа ала отырып Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№9 Қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (ары қарай – Кәсіпорын) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілу.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2024 жылғы 26 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі қызметінің талданатын кезеңі: 2024 жылдың 14-маусым мен 2024 жылғы 30- қыркүйек аралығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобының құрамы Шымкент қ.ДСБ ШЖҚ «№9 қалалық емхана»МКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы" Емхананың бас дәрігерінің м.а. 2024 жылғы 26-қыркүйектегі №-115 н/қ бұйрығымен бекітілген.

Ішкі талдау жүргізген жұмыс тобының мүшелері:

Жұмысшы топ жетекшісі- бас дәрігердің медициналық көмектің сапасын бақылау істері жөніндегі орынбасары–А.Лобанова, Жұмысшы топ құрамы- бас дәрігердің орынбасары Р.Қырықбаева, кадр жөніндегі инспектор- Б.Әбдуәлі, комплаенс офицері м.а. – М.Турашова.

Емхананың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі мәселелер бойынша жүргізілді.

Емхананың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі деп мынадай мәселелер түсіндіріледі:

- 1) персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;
- 2) мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік сатып алу
- 3) бөлімшенің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

- 1) бөлімшенің қызметін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілер;
- 2) бөлімшеге қатысты мемлекеттік органдардың бұрын жүргізген тексеру нәтижелері;
- 3) бөлімшеге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;

Сипаттама бөлігі

Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы: Емхана бойынша жалпы штат саны – 238,75 шт.б. оның ішінде дәрігерлер – 51,0 шт, орта буын медицина қызметкерлері – 121,5 шт, кіші буын қызметкерлер – 13,5шт, әкімшілік қызметкерлері – 26,75 шт, басқа қызметкерлер – 26,0 шт.бірлікті құрайды. Қазіргі таңда бос орындар саны – 1,0шт.бірлік бас дәрігер, 0,25-шт.бірлік дәрігер фтизиатр, 1,0шт .бірлік ревматолог дәрігер, 1,0 шт дәрігер инфекционист, 0,5 шт бірлік дәрігер гастроэнтеролог.

2024жылдың қазан айына дейін жалпы бұйрықпен қабылданғандар -29, (оның ішінде: дәрігерлер –6, орта буын медициналық персонал –18, басқа қызметкерлер – 5:

2024 жылдың маусым айына дейін жалпы бұйрықпен босатылғандар- 108 (оның ішінде: өз өтініші бойынша – 17, зейнеткерлікке шығуына байланысты – 4, штат саны қысқаруына байланысты –74

2024жыл басынан еңбек демалысына шыққан қызметкерлер саны - 203, кадр бөлімінде – 118 дэна еңбекке жарамсыз парағы тіркелген.

Жұмысқа қабылдау сәтінде:

Қызметкерлерді жұмыстан шығару сәтінде құқықбұзушылықтар және сыбайлас жемқорлықтар анықталмады.

Ішкі талдау жүргізген мерзім аралығында оқу семинарына барып, білімін жетілдірген қызметкерлер саны-16.

Тәртіптік жаза алған қызметкерлер:

Жоғарыда көрсетілген мерзім аралығында көрсетілген тәртіптік шаралар: катаң сөгіс, сөгіс, ескерту жалпы саны 14 қызметкер. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыстан шығарылғандар жоқ. Тәртіптік жаза бойынша түсініктемелер алынған. Бұрын сыбайлас жемқорлық бойынша құқықбұзушылық жасаған немесе

қылмыстық іс бойынша жазаға тартылған азаматтарды жұмысқа қабылдау фактілері жоқ, себебі жұмысқа орналасу барысында сотты болмағаны жөнінде анықтама тапсырылады.

Және де әрбір бос жұмыс орнына Енбек.kz порталына жариялау арқылы келген азаматтарды, жұмыспен қамтудың жолдамасы арқылы қабылданады.

Қабылдау бөліміне келетін болсақ қызметкерлерге берілген анықтамалар саны-71, мекемеге келген кіріс хаттар саны- 1096, мекемеден шыққан шығыс хаттар саны- 816. Барлық келген хаттар мен тапсырмаларға өз уақытта жауап беріліп, тіркеліп отырған.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын орындау үшін емхана қызметкерлерінің арасында төмендегіше жұмыстар атқарылып, хаттамаланды:

1	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗа нына шолу жасау туралы жалпы жиналыс.	1-шілде
2	«Сыбайлас жемқорлық көріністерінің профилактикасына және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алу бойынша» Семинарлық сабақ.	1-тамыз
3	Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ жайлы жалпы жиналыс.	29-тамыз
4	Комплаенс офицер қызметкері туралы құқықтық оқыту	20-қыркүйек

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы:

Автоматтандырылған тестілеу жүйесінің болмауына байланысты үміткердің тестілеуге жауапты қызметкерлермен тікелей байланысу мүмкіндігі, әнгімелесу және тестілеу рәсімдері бойынша шаралар қабылдау, сондай-ақ конкурстық комиссиялардың болуы кандидаттарды іріктеу кезінде ашықтық, объективтіліктің және заңдылықтың дәлелі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңызды құралы болып табылады.

Жұмысқа қабылданған қызметкерлердің жеке іс парактарына мониторинг жүргізілді, ішіндегі құжаттар тізімі ҚР Енбек кодексінің және ҚР ДСМ-нің 21.12.2020 ж. №305/2020 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді, жұмысқа қабылдау регламенті ҚР халықты жұмыспен қамту туралы Заңының шеңберінде жүргізіледі, яғни бос қалған орын бойынша жұмыс беруші «Электрондық еңбек

биржасы» порталында бос орынды жариялайды, жұмыспен қамту орталығынан келген мамандар көрсетілген квалификациялық талаптарға сәй келсе ҚР Еңбек кодексінің шеңберінде жұмысқа қабылданады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және құқық бұзушылықты тексеру барысында төмендегі құқық бұзушылық анықталды:

- кадрларды қабылдау бойынша ішкі конкурстық комиссия бекітілмеген, жұмысқа қабылдау кезінде комиссиясыз жұмысқа қабылданған. Тал туралы жауапты маманға ескертілді, алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмысқа қабылдау кезінде құралған комиссия мүшелері арқылы кадрлардың біліктілігін ескере отырып, конкурстық комиссия арқылы жұмысқа қабылдау жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою бойынша ұсынымдар:

1. Кандидаттарды іріктеу кезінде сұхбаттасу және тестілеу процедураларын қосымша жүргізу;
2. Жұмысқа қабылдау барысында квалификациялық сәйкестіктерді қадағалау;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 14 бабын қатаң ұстауға.

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Кәсіпорын қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысы анықталмады. Сонымен қатар, Кәсіпорынға қарасты медициналық қызметшілерде сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен мүдделер қақтығысының және Әлеуметтік Кодексі талаптарының бұзылу жайттары орын алмаған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету туралы:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысы негізінде «№3 Қалалық емханада» дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы арналған емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алу бойынша ішкі талдау жұмыс жүргізу барысында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 04 маусымдағы № 375 қаулысына сәйкес, мемлекеттік сатып алу бойынша мониторинг «№9 Қалалық емхананың» маусым айына дейін медициналық бұйымдарды баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы 83 хабарландыру берілген, 45-хатпен негізінде жеткізушілермен Келісім-шарт түзілген.



ТМККК және МӘМС бойынша СК Формация бірліктерінің тізбесіне кірмейтін дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды сатып алуға хабарландыру берілген (хаттама бар).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін алдын ала жою бойынша ұсынымдар:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 04 маусымдағы №75 қаулысы бойынша «№9 Қалалық емхананың» тендерлік комиссиясына жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылады;
2. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді тендерлік комиссия аудио - және бейнетіркеуді қолдануды ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Вэб-порталында көрсетілген келісім - шарттар бойынша ішкі талдау жұмысы жүргізу барысында.

2024 жылдың қаңтар айынан бастап қазан айына дейін 100 Келісім – шарт жасасқан, олардың ішінде 22 орындалған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және құқық бұзушылықты тексеру барысында төмендегі құқық бұзушылық анықталды:

- Мемлекеттік сатып алуға қатысушы ЖШС «ЦентрАзияНутришинал» Алматы қалалық әкімшілік құқықбұзушылық істері бойынша сотқа талап қою арызымен жүгінген.
Талапкер ЖШС «ЦентрАзияНутришинал» өз арызында Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 14.03.2024 жылғы №790000000-4-6-278675 камералдық бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтардың хаттамасын жою туралы сотқа арызданған. Бұл іс 2024 жылғы шілде-қыркүйек аралығында Алматы қаласының әкімшілік құқықбұзушылық сотында қаралып, талапкердің талап арызы қанағаттандырылды, 2024 жылдың 11 қыркүйекте жоғары аталған іс бойынша «Сот шешімін күшін жою туралы» апелляциялық соты өтті, апелляциялық соттың нәтижесі бойынша сот шешімі күшінде қалды. Алматы қаласының әкімшілік құқықбұзушылық Соты өз шешімінде мемлекеттік сатып алу бойынша жіберілген кателік бойынша №9 қалалық емханасына және Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне айыппұл салынды.
- 2024 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша кателік жіберілген. Айтқанда сайтқа техникалық қызмет көрсету қызметі бойынша жылдың соңына дейін шартқа тұрған, ағымдағы жылдың ішінде шілде айына көрсетілген қызметтер бойынша салынған актіге уақытылы қойылмаған, нәтижесінде кателік жіберген жауапты маманға қолданылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелін алдын алу турлы ұсынымдар:

1. Мемлекеттік сатып алу Вэб-порталы арқылы берілген конкурс жүргізу хабарлама беру алдында, берілген тауар/қызмет бағаларымен Кәсіпорын комплаенс – офицерінің келісімімен орындауды;

2. Қағаз жүзінде жасалынған Келісім – шарттарды журналға тіркеп, шарт нөмерін беріп жүргізу;

Мүдделер қақтығысын реттеу:

Кәсіпорын қызметіне зиян келтіруі мүмкін мүдделер қақтығысы анықталмады. Сонымен қатар, Кәсіпорынға қарасты медициналық қызметшілерге сыбайлас жемқорлықтың көріністері мен мүдделер қақтығысының және Әділет Кодексі талаптарының бұзылу жайттары орын алмаған.

Бөлімшелерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау туралы:

Кәсіпорынның қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша талдау жүргізу кезінде дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау бойынша жұмыстар жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторлар.

Нәтижесінде дискрециялық өкілеттіктер анықталмады, соның ішінде:

- лауазымды тұлғалардың шешімдер қабылдауы үшін болмауы немесе айқындылығы;
- лауазымды тұлғаның бірнеше шешім қабылдау немесе шешім қабылдаудан бас тарту мүмкіндігі;
- қабылданған басқарушылық шешімді ынталандыру міндетінің болмауы;
- шешім қабылдаудың белгілі бір мерзімдерінің болмауы;
- лауазымды адамның уәжді негіздерсіз белгіленген мерзімді өз қалауы бойынша ұзарту немесе қысқарту мүмкіндігі;
- лауазымды тұлғаның өз қалауы бойынша жеке және заңды тұлғалардың құқықтық қатынастардың туындауына, олардың тиісті уәждемесіз өзгеруі немесе тоқтатылуына бастамашылық жасау мүмкіндігі;
- лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін қайталау;
- өз қалауы бойынша заңнаманы орындамағаны үшін жауапкершіліктің шегі мен мөлшерін анықтау мүмкіндігі;
- лауазымды тұлғаның құзыреті шеңберінде шешім қабылдау үшін тікелей көзделмеген қосымша құжаттарды сұрату мүмкіндігі.

Кәсіпорынның ішкі нормативтік құжаттарында лауазымды тұлға міндетін орынына құқық белгілеу бөлігінде, сондай-ақ адамға тиесілі құқықтарды, әрі қарай әкімшілік кедергілерді іске асыру үшін қойылатын талаптардың жоғары болуы.

функцияларды, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындау анықталған жоқ.

Емхана бөлімдерінің біліктілік талаптарында айқындалған нормативтік-құқықтық актілерімен және құқықтық актілердің арасында сыбайлас жемқорлық және бұзушылық жасауға ықпал ететін өзінің қалауы бойынша шешім қабылдайтын өкілеттік пен нормалар анықталмады.

Сыбайлас жемқорлықты болдырмау және алдын алу бойынша қызметкерлердің қатысуымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңына сәйкес, заң бұзушылықтарды болдырмау және Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау бойынша 3 сабақ өткізіліп, Кәсіпорын қызметкерлері ескертпелермен таныстырылды. Әдеп Кодексінің талаптарын сақтау және мүдделер қақтығысына жол бермеу мақсатында қызметкерлермен жиналс өткізілді.

Сонымен қатар, Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№9 Қалалық емханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын (ары қарай – Кәсіпорын), 2024 жылғы 1 наурыздағы бекітілген «2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша Ереже Байқау кеңесімен бекітіліп» 2024 жылы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасы шаруашылық жүргізу құқығындағы «№9 Қалалық емханасында» мемлекеттік кәсіпорындарында комплаенс офицер қызметі құрылған болатын.

Комплаенс офицер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңына (ары қарай – Заң) сәйкес, квазимемлекеттік субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді жою жағдайларды жою жөнінде шараларды қабылдайды.

Кәсіпорының орналасқан жері Шымкент қаласы, Абай ауданы Жиделибайсын көшесі, 62 В ғимаратының кіре – берісінің 1-кабатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған үгіт материалдар және «Сенім телефон» нөмірлері көрсетілген.

Кәсіпорынға «Е-Өтініш» бойынша арыз-шағымдар түскен жоқ. 1-қабатынан бері 1-сұрау түскен жауапты мамандар уақытылы нақты жауап берген.

Қорытынды.

2024 жылда Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша келесіндей құқық бұзушылықтар анықталды:

- Мемлекеттік сатып алуға қатысушы ЖШС «ЦентрАзияНутришн» Алматы қалалық әкімшілік құқықбұзушылық істері бойынша сараптама талап қою арызымен жүгінген.

Талапкер ЖШС «ЦентрАзияНутришинал» өз арызында Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 14.03.2024 жылғы №7900000000-4-6-278675 камералдық бақылау нәтижесі бойынша анықталған бұзушылықтардың хаттамасын жою туралы сотқа арызданған. Бұл іс 2024 жылғы шілде-қыркүйек аралығында Алматы қаласының әкімшілік құқықбұзушылық сотында қаралып, талапкердің талап арызы қанағаттандырылды, 2024 жылдың 11 қыркүйекте жоюға аталған іс бойынша «Сот шешімін күшін жою туралы» апелляциялық соты өтті, апелляциялық соттың нәтижесі бойынша сот шешімі күшінде қалды. Алматы қаласының әкімшілік құқықбұзушылық Соты өз шешімінде мемлекеттік сатып алу бойынша жіберілген қателік бойынша №9 қалалық емханасына және Шымкент қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне айыппұл салынды.

- 2024 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша қателік жіберілгенін айтқанда сайтқа техникалық қызмет көрсету қызметі бойынша жұмыс соңына дейін шартқа тұрған, ағымдағы жылдың ішінде шілде айында көрсетілген қызметтер бойынша салынған актіге уақытылы қойылмаған, нәтижесінде қателік жіберген жауапты маманға айыппұл қолданылды.
- кадрларды қабылдау бойынша ішкі конкурстық комиссия бекітілмегенін, жұмысқа қабылдау кезінде комиссиясыз жұмысқа қабылданғаны туралы жауапты маманға ескертілді, алдағы уақытта сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында жұмысқа қабылдау кезінде құралған комиссия мүшелері арқылы кадрлардың біліктілігін тексеріп отырып, конкурстық комиссия арқылы жұмысқа қабылдау жұмыстары асырылады.


ҰСЫНАДЫ:

1. Емхана қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексі», «Әдеп кодексі», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заң», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары бойынша түсіндірме жұмыстарын әрі қарай жүргізу.

2. Емхана қызметшілері арасында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында, сыбайлас жемқорлықтың алдыналу және сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттерді, құқық бұзушылықтарды болдырмау мақсатында талаптарын бұзудың алдын-алу мақсатында оқыту жұмыстарын жалғастыру.

Ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобы төрайымы  А.В.Лобанова

Ішкі талдау жүргізетін жұмыс тобы:

 М.Турашова
 Р.Қырықбаева
 Б.Әбдуалі

Талдау анықтамасымен таныстым: